

A.C. ИСАКОВА

СТУДЕНТ-ФИЛОЛОГ ТІЛДІК ТҮЛҒАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТИН ФАКТОРЛАР

Бұғынге дейін тілдік түлға түрлі аспектіде зерттелген. В.П. Нерознак тілдік түлғаны полилекті (көпадамдық) және идиолекті (жеке адамдық) десе; С.Г. Воркачев этносемантикалық түлға; семиологиялық түлға ретінде А.Г. Баранов; орыс тілдік түлғасын Ю.Н. Карапулов; шығыс және батыс мәдениетінің тілдік түлғасын сөз еткен Т.Н. Снитко болды. Петр 1 [1], Толстойдың Л.Н. [2] тілдік түлғасы зерттелді.

Ең алғаш тілдік түлға В.В. Виноградовтың «Саясаттың тарихы туралы» деп аталатын енбекінде айтылса, кейін XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қарқынды зерттелді. Ол жеке сөздік шығармашылық құрылышы әлеуметтік тілдік және идеологиялық мәтіндер, жеке түлғаға тән сөздік қорға сай өзгерген тілдік түлғаны зерттеуде жеке түлғаның тіліне тән тәжірибелі жеке тілдік түлға шығармашылығын тану үшін пайдаланған жөн деген пікір айтады. Сонымен катар тілдік түлғаны танудағы көп бірліктің бірі емес, толыққанды түлға туралы түсінік ретінде қарастырады. Тілдік түлға, түлға қарым-қатынасының құзыреттілігі, тілдік түсінік, тілдік болмыс, қарым-қатынас тәртібі сияқты сөз тіркестеріне байланысты айтылады. Тілдің құзіреттілігіне сөздердің синонимін таба алу қасиеті мен ойды өз сөзімен жеткізу ерекшелігі, дұрыс айтылууды дұрыс емес айтылған ойдан ажыратады, ойды тындаушысының ерекшеліктерін ескере отырып (тұрғылықты жері, әлеуметтік деңгейі т.б.) жеткізе алу жатады.

Жоғарыдағы анықтама тілдік түйсікпен ұстасып жатыр. Г.В. Ейгер тілдік түйсіктің төмендегідей қызметтерін атап көрсетеді:

1. Кескіндеуші (дүниені тану)
2. Бағалаушы (нормалауши аспекті)
3. Бағыт-бағдарлаушы
4. Интерпретация
5. Басқарушы-реттеуші [3].

Студент-филологтың тілдік түлғасын қалыптастыруда жоғары білім беру үрдісінің мүмкіндіктері шексіз. Жоғары оқу орны студент-филологты тілдік әрекетке дайындауды: көсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени, тек білім ғана беріп қоймай, адаммен және адам үшін жұмыс

істеуге бейімділігін қалыптастырады, студент-филологтың мәдени потенциалын қалыптастырып, оның өмірлік әрекетінің және болмыс туралы ой тұжырымының мазмұнын анықтайды.

Тілдік түлға динамикалық түсінік. Мәселен, оны зерттеудің екі жағы бар. Тілдік түлға тарихи тұрғыдан өзгермелі, сондықтан өр дәуір тілде өз белгісін қалдырып отырады.

Тілдік түлғаны зерттеуде, біріншіден, түлғаның интеллектуалды сипаттамасы шығады, Ю.Н. Карапулов интеллектуалды, тезаурусты, деңгейге қарап, тілдік түлғаның қалыптасуы туралы сөз етеді. Түлғаның тезаурустық деңгейіне сүйеніп, даму деңгейін анықтауға болады. Инвариантты (өзгермейтін) және вариативті (көп нұсқалы) деңгейлер индивидуалдылықтың көрінісі болып табылады. Тілдік түлғаның анықтауши деңгейі тілдік түлға дамуына ықпал ететін мақсат-мұдделерді анықтау қарым-қатынас қажеттігінен туындаиды, себебі қарым-қатынас кезінде өзіне тән сөйлеу ерекшеліктері, оның мақсат-мұддесінің сапасы анықталады. Бұл деңгейді зерттеуде экспрессивистикалық факторларды ескерген жөн. Ю.Н. Карапуловтың айтуынша, тілдік түлғаның үш деңгейлік үлгісі (1. Вербалдық-семантикалық. 2. Когнитивтік. 3. Прагматикалық деңгейлер) жеті жасқа дейін қалыптассада, одан кейінгі жылдарда білім дағдыларының жетілуі іске асады [4, 35-37].

Г.И. Богин тілдік түлға қалыптасуының бес деңгейін атап көрсетеді. Ол жеті жаста тілдік түлға қалыптасуының бірінші деңгейі – дұрыстық деңгей пайда болады дейді. Бұл деңгей өзге деңгейлердің қалыптасуына жол ашады. Екінші деңгей іштей ойлау қабілетінің дамуын арттырып, осы деңгей көлемінде сөйлеуге іштей дайындалуды іске асырады. Ушінші деңгей сөздік кордың толығуы, көптеген грамматикалық форманы менгеруді қалыптастырады. Төртінші деңгей мәтін мазмұнына таңдау бостандығы мен көзқарас көндігін қамтамасыз етеді. Тілдік түлғаның шығармашылығының толығуы, оның келешектегі жүзеге асуы мен мәтінге сын көзben қарау сияқты ерекшеліктер төртінші деңгейдің үлесі. Бесінші деңгей тілдің қарым-қатынас талғамдық катынасының бірлігі [5].

Ю.Н. Караулов ұсынған тілдік тұлғаны қалыптастырудың үш деңгейі бір мезгілде болса, Г.И. Богин үлгісі бойынша бес деңгейдің әр қайсысы ретімен жүзеге асады, яғни тілдік тұлғаны бірінші ғалым синхронды, екінші ғалым диахронды аспекттіде қарастырады.

Тілдік тұлғаның дамуына сыртқы және ішкі факторлар өсер етеді. Сыртқы деп отырғанымыз – әлеуметтік, ал психология, биология – ішкі факторларға енеді. Әлеуметтік фактор ретінде отбасы, қарым-қатынас ортасы, жоғары оқу орны, бұқаралық аппарат құралдары, мәдениет орындарын айтуға болады. Ішкі факторлар ретінде темперамент басымдылығы, икемділік, экстроверт-тік немесе интроверттік, жыныстық және жас ерекшелігінің көрсеткіші болады. Әлеуметтік факторлар студент-филологтың лексикасына өсерін тигізді. Студент-филологтың қалыптасуын қарастырғанмен, біз олардың сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін басшылыққа алып отырған жоккызы.

Студент-филологтың тілдік тұлғасының қалыптасуына жақындары мен дәріскерлерінің сөз қолданысындағы қонерген сөздер, диалект, жаргон ықпал етеді. Ұстазының сөзі норма болмаса да, үлгі болары сөзсіз. Қазак тілді студент-филологтың сөйлеуі туралы айтпас бұрын Т.Е. Ембулаевың «барлық пән оқытушылары студенттің сөйлеу мәдениеті (ауызша не жазбаша) түрінің қалыптасуы тек филологтардың жұмысы деген кітептің пікір» деген ойы еріксіз еске түседі [6].

Студент-филолог тілдік тұлғасының қалыптасуына бұқаралық аппарат құралдары да өсер етеді, мәселен, теледидар (бос уақыт өткізуге арналған кинолар), радио, басылымдар (басылымдарға деген сұраныс азайса да), мәдениет (белгілі әндер, шоу бағдарламалар, жұлдыздармен сұхбат т.б.). Студенттер дискурсының, сөйлеу мәдениетінің төмендеуі ойландыратын жай. Қазак тілді студент-филолог ата-анаынан, мектепте, жоғары оқу орындарында қабылдаған мәдени күндылықтарды менгеріп қана қоймай, сол күндылық-

тарды әдеби нормаға қайшы сөздермен, жаргондармен бұзып жатады.

Соңғы жылдары лингвистикаға қатысы бар психология, философия сияқты ғылымдарда тілдің жекелік аспектісін зерттеу үлғая түсті. Жеке тұлғаның тілін зерттеу жалпы тіл теориясына түрлі жағынан келу, зерттеу пафосының өзгеруіне, әрбір мәтіннен кейін тілдік тұлға тұратынын дәлелдеу үшін қажет. Г.И. Богин тілдік тұлға дегеніміз – тілді менгерген және оның тілдік ерекшелігі жеке тұлғаның психофизиологиялық сапаларының кешені, сөйлейтін, сөзді қабылдауға, сөйлеуге қабілетті тұлға дейді.

Адам феноменін зерттеудің өзекті бағытының бірі – тілді жаратылыстану пәндері арқылы түсіну болып табылады. Тіл адам ойын білдіретін ғана қарым-қатынас құралы емес, концептуалды өмірдің бейнесі.

Тілдік тұлға деңгейінде үлттық тұлға мәдениетінің ерекшеліктері көрініс табады.

1. Тілдік тұлға мазмұны: ақылдылық, дүниетаным, тәрбиелеу яғни құндылықтар жүйесі.

2. Мәдени танымдық компонент тілге деген қызығушылықты арттыратын мәдениетті менгеру деңгейлері.

Жеке тұлғалық компоненттің жеке тұлғаға тән индивидуалды, терен ізденістері [7].

Г.И. Богин үш осыткан тұратын тілдік тұлға үлгісін ұсынды. А осі тіл аспектілері (фонетика, грамматика, лексикология), Ә осі сөйлеу түрлері (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым), Б осі бағалау (дұрыстық, мәнерлілік, түсініктілік) [5, 125].

Тілдік тұлға қалыптастыру үшін тілдік бейімділік, қарым-қатынас құзіреттілігі сияқты белгілері қажет.

Әрбір адам түмисінан тілдік тұлға болып қалыптасуға бейімділігі болғанмен, әрбір жеке тұлға тілдік тұлға дәрежесіне көтерілуі қажет. Студент-филолог тілдік тұлғасының қалыптасуын прагматикалық аспекттіде зерттеу барысында студенттің шын тілдік тәжірибесіне көніл бөлі-

Қарым-қатынас қажеттілігінің түрлері	Тілдік тұлға деңгейлері
1 түрі	1 деңгей
Қарым-қатынас орнатушы қажеттілік	Вербалды-семантикалық деңгей
2 түрі	2 деңгей
Ақпарат алу қажеттілігі	Тұлға тезаурусы
3 түрі	3 деңгей
Әсер етуші қажеттілік	Тұлғаның прагматикасы

неді. Адресат факторын ескеру, көркем шығармаға талғамдық талдау жасау дегенді білдіреді. Осыдан қарым-қатынас қажеттілігі мен тілдік тұлға құрылымының деңгейі шығады.

Тілдік тұлға термині Г.И. Богиннің «Тілдік тұлға концепциясы» деген еңбегінде қолданылса, Ю.Н. Карапулов оған парадигмалық дәреже беріп, ғылыми қолданысқа енгізді. Тілдік тұлғаның үшденгейлі құрылымына анықтама берді: 1. Ядро, 2. Модификация, 3. Периферия. Этностиң негізгі белгілерін атап көрсетеді: 1. Шығу тегі, 2. Тарихи бірлік, 3. Мәдени құндылықтар мен дәстүр ортақтығы, 4. Тіл, 5. Эмоционалды және символдық байланыс, 6. Территория [5, 98].

Қазір термин ғылымда көп қолданылып жүргенмен, лингвистикалық әдебиеттерде соңғы онжылдықта (мәтін авторының тіл туралы білім, тілдік сана, ұлттық менталитет т.б.) тілдік тұлға түсінігіне бірізді анықтама жок.

Тілдік тұлға – лингвистикадағы қуыс: субъект дүниені – тілі арқылы таныған жеке тұлға, мәтіннің авторы, тілді қолданушы, акпараттандырушы, тілдік портрет. Филолог маманың тілдік тұлғасы (филологиялық тұлға) – накты тарихи тұлға, ұлттық тұлға.

Тіл тек ойды білдіретін қарым-қатынас құралығана емес, концептуалды өмірдің образды жүйесі. Жеке тұлға өзіне тән ойы бар, тілді менгерген, тағдырға өзіндік көзкарасы бар адам. Себебі ол адамның түрлі диалог, қарым-қатынас үдерісінің белсенді мүшесі болу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Қазақ тілді студент-филологтың тілдік тұлғасын зерттеудегі қызындықтар мен келіспеушіліктер, біз зерттеп отырған тілдік тұлға қалыптас-


тыру түсінігінің ғылыми негізделмеуінде болып отыр. Энциклопедиялар мен сөздіктерде анықтама берілмеген, қалыптасқан түрлі трактовкаларда бұл ұғым көбінесе тәжірибеден алшақ зерттелген. Жоғарыдағы кемшіліктерді болдырmas үшін, қазақ тілді студент-филологтың тілдік тұлғасының мәнін терең зерттеп, теориялық ұлгісін құрастыру қажет деп таптық.

Студент-филологтың тілдік тұлғасы көптеңген зерттеушілерді толғандырған мәселе. Соңдықтан тілдік тұлға қалыптастыру, сөйлеу мәдениеті отандық тілшілердің зерттеулеріне енген. Р. Сыздық «сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс киуластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлетіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру» [8] десе, Н. Уәлиев «сөйлеу мәдениеті әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стильдік, орфографиялық, орфоэпиялық нормасын менгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасау мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу» [9], – дейді.

Қазақ тілді студент-филологтың тілдік тұлғасын қалыптастыру оның сөзінің тазалығынан бастанлады. Норма, нактылық, биязылық, сыпайылық, өзге тілден енген сөздерді қолдану тәсілі айтылады. Сөздін тазалығы сөйлеу мәдениетінің нормалылық деген дәстүрлі түсінігімен байланысты.

Жоғарғы сатылы сөйлеу мәдениетін игерудің әдеби тілдегі ортақ түсінігі – мәнерлілік.

Тілдік тұлға қалыптастыруға әсер ететін биографиялық факторлар мыналар:



Студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыру үшін:

1. Тілдік жүйе мен тілдік норманы игеру;
2. Кодификацияланған норманы конструкциялық деңгейде игеру;
3. Тілдік нормаларды прагматикалық деңгейде игеру т.б. керек.

Тілдік жүйені игерудегі бірінші кезең шығармашылық ізденіске толы ерекше кезең болып табылады. Бала өзінше жүйе іздейді, өзінің санасында бейнеленген жүйе бойынша үлкендерге «түзету» жасайды, бірақ баланың іздел тапқан «жүйесі» тілдің өлі қолданылмаған әлеуметтік мүмкіндігіне жатады. Екінші кезең студенттердің қолданысындағы сөздің нормалығы. Бұған жергілікті сөздер (диалект, арго, жаргон, қарапайым сөздер т.б.) жатады. Үшінші кезең прагматикалық деңгей деп аталады. Нормадан орнымен ауытқу, тілдік тәсілдерді қарым-қатынас жасау максатында қолдану да үшінші кезенің үлесі. Тілдік норманы менгеру вербалды қатынастың жоғарғы сатысының бірі. Тілдің вербалды қатынасы арқылы анализ, синтез жасау, абстрактылық ойлау нәтижесінде когнитивті сатысына көтеріледі.

Ю.Н. Карапулов «Тілдің шекарасынан аспай, ауқымынан алыстамай тұрып, тілді жасаушы мен тұтынушыға, яғни нақты тілдік тұлға адамға на-зар аудармай тұрып, тіл құдіретін түсіну мүмкін емес... Адамдардың өзөлі тілін түсініп алмай не-месе адамның тілін танымай тұрып, өзін жете тани алмайсын» деп жазады. Қоршаған ортаны теренде, дәл бейнеленуімен белгілі бір мақсаттағы бағыты және тілдік құрылымдық күрделілігімен өзгешеленетін сөйлеу мәтіндерін тудыру және қабылдау кабілеттіліктер жиынтығы тілдік тұлғаны білдіреді [4,11-13].

Тілдің мазмұны жеке тұлға мен ортаның тілдік санасында өмір сүреді. Сондықтан тілдегі мәдениет иесі жеке тұлға мен оның өмір сүретін ортасы.

Демек тіл белгілі бір этнотілдік мәдениеттің эталоны мен нормасына сәйкес келетін белсенді сөйлеу әрекеті нәтижесінде және халықтың әлеуметтік психологиясының зандалықтарын менгеру нәтижесінде бүкіл қоғамның мәдени-тарихи білімін танытушы бола алады.

Қазак тілді студент-филолог тілдік тұлғасының мазмұны мына өлшемдермен анықталады:

1. Биологиялық текстік белгісі
2. Әлеуметтік-этникалық белгісі
3. Жеке даралық белгісі

Тілдік тұлғаның қан арқылы берілетін ерекшелігі оның тілдік біліктілігіне, сөз маңызын

сезіну деңгейіне, шебер сөйлеуге икемділігіне, тұма қасиетіне байланысты екендігі ғылымда дәлелденген.

Ю.Н. Карапулов вербалды-семантикалық деңгейді нөлдік деңгей деп көрсетеді. Себебі мұнда тілдің болмысы туралы, әрі келесі деңгейге өтуге қажет материал туралы айтылады. Автор тілдік тұлға қалыптастыру үшін нормаланған тілді мен-геруді ұсынады. Бұл деңгей бөлшегі грамматикалық, прагматикалық, семантика-сintаксистік вербалды жәлі құрайды. Вербалды семантикалық деңгейге тілді біліп қана қоймай, сол тілдегі стереотиптерді менгеру қажеттігін айтады [4,136].

Тілдік тұлға қалыптастыру үшін сөздердің лексикалық, грамматикалық дұрыстығы ғана маңызды рөл атқармайды. Студент-филологтың сөзі құрылымдық жағынан дұрыс болғанмен, стилистикалық кателер сөздің көркін, бермек ойын солғынадатады.

Ә.Т. Қайдаровтың ойынша, «Тіліміздегі мындаған сөздер номинация (заттың, құбылыстың атаяу) ретінде бір көрінсе, олар өзара тіркесуімен, көркем сөз аясында ауыс мағынада қолданылуымен тіл байлығын еселей түседі» [10,23]. Студент-филологтың сөздері номинация ғана емес, өзара тіркесуімен, ауыспалы мағынада қолданылуымен түрленеді. Сөз байлығы лексикамен тығыз байланысты. Бірақ мәтіннің лексикасына қарап тілі бай екен деп асығыс пікір айтудан бұрын морфология, синтаксистік тәсілдерді назардан тыс қалдырмаған жөн.

Тілдік тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың шарты ретінде жұмсай білу студент-филолог үшін әдеби тілдің функционалдық стильдерінің қолданысын менгеру болып табылады. Студент-филологтың сөзі нормаға сай болу үшін стильдердің түрін орнымен, дұрыс қолдануға машықтануы керек. Сөйлеу әрекеті (речевая деятельность) қарым-қатынас жасаудың мәтіні мен нысанынан тұрады. Сөйлеушінің сөзі тыңдаушыға бағыттады, әрі сөздің мазмұны тыңдаушыны бір нәрсе орындауға мәжбүрлейді немесе өтініш білдіреді. Сөйлеуші алдына қойған мақсатын іске асыру үшін түрлі сөйлеу тәсілдерін пайдаланады. Сөйлеуші тыңдаушының кім екеніне байланысты сөйлеу стильдерін өзгертіп отырады. Мәселен, сөз жалпы жүртшылыққа бағытталса (публицистикалық стиль), ғылыми жүртшылық үшін (ғылыми стиль) т.б. қолданылады.

Егер қазак тілді студент-филолог айтатын ойын басқа тілден аударатын болса, оған делдал қызметін аткарарға тұра келеді. Себебі өзге тілдегі адресаттың қарым-қатынас құзіреттілігі басқа

Студент-филолог
негізгі мәтінді
өз дүниетанымына
қатысты өзгертеңді

Студент-филолог негізгі
мәтіндегі ойды жеткізу үшін
фонетикалық, лексикалық,
грамматикалық, синтаксистік
өзгерістерге ұшыратады

Қазақ тілді студент-филолог тілдік тұлғасының
детерминделуіне әсер ететін факторлар

Студент-филолог негізгі
ойдаң мазмұнын (бастапқы
мәтінді сөзбе-сөз аударудан
алшақтатып) жеткізеді

Студент-филологтың соавтор
қызметін атқаруы көбіне
поэзияда кездеседі

болғандықтан, ойлау деңгейі де басқа болады.
Демек аударушы тыңдаушы деңгейін ескере отырып ақпараттандыруы қажет. Студент-филолог сөзі өзге тілдегі мәтінді қазак тілінде жеткізуде детерминделуі де мүмкін.

Жоғарыдағы кестеде қазақ тілді студент-филолог сөзінін детерминделуіне әсер ететін факторлар көрсетілген.

ӘДЕБИЕТ

1. Гайнулина Н.И. Дискурс Петра Великого как объект истории русского литературного языка //Лингвистика на исходе XX века: итоги и перспективы. – М., 1995. Т. 1. С. 116-117.

2. Богомолов А.Ю. Языковая личность персонажа в аспекте психопоэтики (На материале романа Л. Н. Толстого Анна Каренина: Дис. ... канд. филол. наук – Череповец, 2005. – 207 с.

3. Ейгер Г.В. Механизмы контроля языковой правильности высказывания. – Харьков: Основа, 1990. – 184 с.

4. Караполов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. Издание 2-е, стереотипное. – М.: Едиториал УРСС, 2002. – 264 с.

5. Богин Г.И. Некультурная коммуникация //Человек говорящий: Язык, культура, познание. – М.: Ин-т языкоznания РАН и др., 1995. – С. 70-85.

6. Ембулаева Т.Е. Обучать чтению на основе знаний о тексте // Русский язык в школе. 1999. №4. С. 52-53.

7. Борботъко В.Г. Элементы теории дискурса. Грозный, 1989.

8. Сыздық Р. Тілдік норма және онын қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 320 б.

9. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984. – 56 б.

10. Кайдаров А.Т. Процессы взаимодействия народной и научной терминологии в казахском языке //Вопросы киргизской терминологии.- Фрунзе, 1989. С. 84-86.

Резюме

Речь является неотъемлемым компонентом образовательного процесса и в то же время его условием и результатом. В процессе освоения культуры речи формируются мировоззрение, интеллект учащихся, совершенствуется культура общения. Необходимо выявлять факторы, влияющие на формирования языковой личности студентов-филологов.

Summary

Spoken language is an intrinsic part of linguistic education process, and at the same times its condition and outcome. It widens the students' world outlook, develops their intellect and communicative culture. It is necessary reveal factors affecting for linguistic personality of linguistic-students.